



## САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИССИЯ Қазақстан Республикасы – Кезектен тыс парламенттік сайлау, 20-наурыз 2016ж.

### АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕР ЖӨНІНДЕ МӘЛІМДЕМЕ

**Астана, 21-наурыз 2016ж.** – Алдын ала қорытындылар және нәтижелер жөніндегі бұл мәлімдеме ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ), ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясының (ЕКПА) бірлескен жұмысының нәтижесі.

ЕҚЫҰ-ның қызметтегі Төрағасы Мариетта Тидей ханымды қысқа мерзімді Сайлауды бақылау миссиясының арнайы үйлестірушісі және басшысы ретінде тағайындады. Гир Йорген Беккеволд мырза (Норвегия) ЕҚЫҰ ПА делегациясының басшысы. Жорди Шукла мырза (Испания) ЕКПА делегациясын басқарады. Елші Борис Фрлец - 2016жылғы 17 ақпанда жұмысын бастаған ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлауды бақылау миссиясының (СБМ) басшысы.

Бағалау сайлаудың ЕҚЫҰ және Еуропа Кеңесінің стандарттарына, халықаралық сайлаудың басқа да халықаралық міндеттемелеріне және стандарттарына, сонымен қатар ұлттық заңнамаға сәйкестігін анықтау үшін жүргізілді. Осы Халықаралық сайлауды бақылау миссиясына (ХСБМ) қатысатын әрбір институт 2005 жылы Халықаралық сайлауды бақылау қағидаттарының Декларациясына қол қойды. Алдын ала қорытындылар және нәтижелер жөніндегі бұл мәлімдеме сайлау үдерісінің аяқталуына дейін ұсынылады. Сайлаудың соңғы бағалауы сайлау үдерісінің қалған кезеңдерінің, яғни дауыстарды санау, нәтижелерді кестеге салу және жариялау, және сонымен қатар, сайлау күнінен кейін түскен мүмкін арыздар мен шағымдарды қараудың, өткізілуіне де байланысты. Сайлау үдерісі аяқталғаннан кейін шамамен сегіз аптадан кейін, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ жан-жақты қорытынды есепті, оның ішінде мүмкін жетілдірулер жөніндегі ұсыныстарды, жариялайды. ЕҚЫҰ ПА өз есебін 2016 жылдың шілдесінде Тбилиси қаласында өтетін Тұрақты комиссия отырысында ұсынады. ЕКПА делегациясы өз есебін 2016 жылдың 26-мамырында Тұрақты комиссия отырысында ұсынады.

### АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАР

20-наурыздағы кезектен тыс парламенттік сайлау тиімді түрде ұйымдастырылды, біраз ілгері жылжу байқалды, бірақ демократиялық сайлау бойынша өзінің ЕҚЫҰ міндеттемелерін орындауда Қазақстан әлі де біраз жұмыс жасау керек. Құқықтық база негізгі азаматтық және саяси құқықтарды шектейді, және жан-жақты реформа қажет. Жағымды үрдіс көрінісі: кандидаттар тіркеуі инклюзивті болды және алты партия сайлауға түсті, бірақ шынайы саяси таңдау әлі де жетіспейді. Сайлауды үгіт науқаны аса көрнекі болмады, дегенмен кандидаттар, жалпы алғанда, науқанды еркін жүргізе алды. Мемлекет қаржыландыратын медиа арналар тең қолжетімділік талабын орындауға атсалысты, бірақ талдау және саяси пікірталас, көбінесе, орын алмады, және мемлекетпен айырмашылықтың көмескіленуі басқарушы партияға пайдалы болды. Сайлау күні, дауыс беру, дауыстарды санау және мәліметтерді кестеге жинақтау барысында үлкен рәсімдік қателіктер және сәйкессіздіктер орын алды. Күтіліп отырған 2017 жылғы реформа үдерісінің нәтижесінде ауқымды

жақсартуларға қол жеткізіледі деген үміт бар. Басқару органдары халықаралық бақылаушыларды ашық және шектеусіз түрде шақырды.

Сайлауды реттейтін заңдар негізгі азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен, Қазақстан мойнына алған халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға толық сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, құқықтық негіздің реформасы қажет. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның алдыңғы ұсыныстарына қарамастан, сайлау құқықтарына, жиналыс және ойды еркін білдіру бостандықтарына қатысты шектеу ережелері қарастырылмаған. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның алдыңғы ұсыныстарын есепке ала отырып, 2017жылы қарастырылатын сайлау туралы Заңға түзетулер бойынша жан-жақты ұсыныс әзірлейтіні жөнінде мәлімдеді.

ОСК кәсіби тұрғыдан жақсы жұмыс атқарды. Оның отырыстары ашық болды және оларға тұрақты түрде бақылаушылар, БАҚ пен саяси партиялар өкілдері қатысты. Алайда, төменгі сайлау комиссиялары мүдделі тараптарға хабарламай, отырыстарды қажет болған жағдайда өткізіп отырды, бұл үдеріс транспаренттігін шектеді. Сайлау туралы Заңда саяси партиялардың сайлау комиссияларында ұсынылуын қамтамасыз ету көзделген, бірақ оны жүзеге асыру тетігі берілмеген. Сайлауға қатысушылардың біреуі төменгі сайлау комиссияларында ең аз мөлшерде ұсынылған және сайлау әкімшілігінің бейтараптығына күмән келтірген.

Шамамен 9,7 миллион сайлаушы тіркелген, оның ішінде 14 013 шетелдегі сайлаушылар. Сұхбаттастар көп жағдайда, сайлау тізімінің нақтылығы жөнінде алаңдаушылық білдірген жоқ. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған немесе жасаған қылмысының ауырлық деңгейіне қарамастан, сот шешімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдардан басқа он сегіз жасқа жеткен барлық азаматтар сайлауда дауыс беруге қатысуға құқылы. Бұл жалпылама ереже халықаралық міндеттемелерге, ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және тиіс практикаға қайшы келетін пропорционалды емес шектеу қояды.

Кандидаттарды тіркеу инклюзивті болды және заңмен белгіленген мерзім, 19 ақпанға дейін, ОСК алты саяси партия ұсынған 234 кандидатты тіркеді. Заң бойынша, тәуелсіз кандидаттар сайлауға түсе алмайды, ал саяси партиялар сайлау блоктарын құра алмайды, бұл 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Кеңесі құжатына және басқа халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға қайшы келеді.

Көпшілік жиындарды өткізуге қатысты құқықтық шектеу ережелеріне қарамастан, жалпы алғанда, сайлауға қатысушылар сайлауалды үгітті бүкіл ел аумағында еркін өткізе алды. Іс-шаралар саны соңғы екі аптада көбейді, бірақ, жалпы алғанда, үгіт аса көрнекі болған жоқ. Алты партияның қатысуы сайлаушылар үшін біраз баламаларды қамтамасыз етсе де, сайлауға қатысушылардың көпшілігі басқарушы партияны тікелей сынаған жоқ, сол арқылы сайлаушылардың шынайы саяси таңдау жасау мүмкіндігін шектеді.

Басқарушы партияның үкіметтің және әкімшіліктің барлық деңгейлеріндегі көп жылдар бойғы басым позициясы Мемлекет пен партияның арасындағы айырмашылықты қазіргі кезде мүлдем көмескі етті, ал бұл халықаралық міндеттемелерге қайшы.

Сайлауалды үгіт барысында, айына екі рет әр партия алған және жұмсаған қаражаттың жалпы сомасын жариялау жөніндегі заңның ОСК-ға жаңа талабы ілгері жылжу болып табылады. Алайда, донорлар және науқанға бөлінген қаражат қалай жұмсалғаны жөніндегі ақпараттың болмауы науқан қаржысының транспаренттігін шектейді.

Сайлау туралы заңда гендерлік квота немесе осы сайлауға әйелдерді қатысуға ынталандыру бойынша басқа да арнайы шаралар қарастырылмаған. Партиялық тізімдер бойынша 234 кандидаттың 47-сі (20 пайыз) әйелдер. Сонымен қатар, әйелдер Облыстық және Аумақтық сайлау комиссиялары мүшелерінің жалпы санынан сәйкесінше 34 және 46 пайызды, учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің жалпы санынан 75 пайызды құрайды.

Конституция ойды еркін білдіру бостандығына кепілдік беріп, цензураға тыйым салса да, заңда бар көптеген жазалар қоғамдық талқылауға жол бермейді және балама пікірлерді басады. Алдыңғы ұсыныстарға қарамастан, жала жабу қылмыстық құқық бұзушылыққа жатады. Мемлекет қаржыландыратын БАҚ барлық сайлауға қатысушыларға тең мүмкіндіктер беруге қатысты ресми талаптарды орындауды қамтамасыз етуге едәуір күш жұмсағаны - жағымды үрдіс көрінісі. Дегенмен, БАҚ үгіт кезеңінің көп бөлігі барысында бір партия науқанының тұғырнамасы жөнінде өте аз ақпарат берді. Көптеген медиа арналарда, Президенттің қызметі жөніндегі хабарлар басым түсті және басқарушы партия оның қызметін өз пайдасына қолданды. Жалпы алғанда, сайлаушыларға кандидаттар және нақты олардың саясаты жөнінде білуге толыққанды мүмкіндік беретін терең, жан-жақты талдау көбінесе орын алмады.

Заң сайлаушыларға және партияларға сайлау үдерісіне қатысты шағымдарды соттарға, жоғарғы комиссияларға және прокуратураға түсіруге мүмкіндік береді. Алайда, заң сайлау нәтижесін нақты жоғары лауазымды тұлғаларға шағымдануды шектейді, яғни сайлауға қатысушыларға нәтижелер дәлдігімен келіспеуге мүмкіндік бермейді, ал бұл халықаралық стандарттарға сәйкес емес. Соттар және прокуратура түскен бірнеше шағымды бірден жедел қарастырды. ОСК-ға түскен сауалдар шағым санатына жатқызылған жоқ, сондықтан бірлесе отырып, ашық қарастырылған жоқ.

Азшылық ұлттар мәселелері үгіт кезінде көп көтерілген жоқ. Сайлау үдерісіне азшылық ұлттардың қатысуы сайлау туралы Заңның Қазақстан Халқы Ассамблеясы сайлайтын тоғыз Мәжіліс депутатын жанама түрде сайлауға қатысты бөлімінде реттеледі.

Сайлау күні тиімді түрде ұйымдастырылды, дауыс беру, дауыстарды санау және мәліметтерді кестеге жинақтау барысында үлкен рәсімдік қателіктер және сәйкессіздіктер орын алды.

Дауыс беру кезінде, бақылаушылар дауыс беру жәшігіне жалған бюллетендерді салу, сайлаушылар тізімдерінде бірдей болып көрінген бірқатар қолдар, топпен және сенімді тұлға арқылы дауыс беру жағдайларын байқады. Дауыстарды санау кезінде, УСК-лар дауыс санағының бірізділігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін мәліметтерді сәйкестендіру рәсімдерін орындаған жоқ. Мәліметтерді кестеге жинақтаудың теріс бағалануы көбінесе рәсімдік ережелерді бұзумен байланысты болды. Транспаренттік шектеулі болды, себебі ХСБМ бақылаушыларына үдерісті бақылауға көп жағдайларда кедергі келтірілді.

---

**АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕР**

---

**Кіріспе ақпарат**

13-қаңтарда *Мәжіліс* депутаттары Президентке, Назарбаев мырзаға, Парламентті мерзімінен бұрын таратуды өтініді бірауыздан қолдады.<sup>1</sup> Бір аптадан кейін, Президент кезектен тыс парламенттік сайлауды 20-наурызға белгіледі, ол *Мәслихаттарға* (жергілікті өкілетті органдар) сайлаумен қатар өтетін болды.<sup>2</sup> Бұл сайлау мерзімінен бұрын өткізіліп жатқан қатарынан үшінші парламенттік сайлау. Өкімет өкілдері сайлауды ұлттық заңнама және халықаралық стандарттарға сәйкес өткізу ниеті жөнінде мәлімдеді.<sup>3</sup>

Қазақстанда 7 саяси партия тіркелген, оның бесеуі 2012 жылы Президент, Назарбаев мырза басқаратын «*Нұр Отан*» партиясы екінші рет қатарынан жеңіске жеткен, кезектен тыс парламент сайлауына қатысқан. «*Нұр Отан*» 98 төте сайланатын орынның 83-ін жеңіп алған, «*Ақ Жол*» Қазақстан Демократиялық Партиясы және Қазақстан Коммунистік Халық партиясы (ҚКХП) сәйкесінше 8 және 7 орын алды. «*Ауыл*» Халық-демократиялық патриоттық партиясы, «*Бірлік*» Саяси Партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) және «*Азат*» Қазақстан Демократиялық партиясы Парламентте орын алмады. Тіркелген жеті партияның алтауы қазіргі сайлауға қатысады.<sup>4</sup>

Соңғы Парламент сайлауынан соң, партиялық арена өзгерді. 2013 жылы «*Бірлік*» партиясы тіркелді, 2015 жылы «*Ауыл*» партиясы мен Қазақстан патриоттары партиясы бірікті.<sup>5</sup> Оның үстіне, 2015 жылдың 3-тамызында Әділет министрлігі мәлімдемесімен, Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Қазақстан Коммунистік партиясын (ҚКП), бұл партия партияны тіркеу талаптарына сай емес болғандығын негізге ала отырып, тарату жөнінде шешім қабылдады.<sup>6</sup>

**Сайлау жүйесі және құқықтық база**

Қазақстанда екі палаталы Парламент Төменгі палатаның (*Мәжіліс*) 107 мүшесінен және жоғарғы палатаның (Сенат) 47 мүшесінен тұрады.<sup>7</sup> *Мәжілістің* тоқсан сегіз депутаты бір

---

<sup>1</sup> 2016 жылғы 18-қаңтар *Мәжіліс* Төрағасының мәлімдеуінше, (кезектен тыс парламент сайлауын өткізудің) «негізгі себебі партиялардың сайлаушылардан жаңа сенім мандатын алу, кең қоғамдық ұйысу, және реформаларды барлық деңгейде жүзеге асыру үшін Мәжіліс пен Мәслихаттардың әрекеттерінің үйлесуінің қажеттігі». Кезектен тыс сайлау өткізу туралы депутаттардың Үндеуін қараңыз.

<sup>2</sup> ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Мәслихаттарға сайлауды, оның *Мәжіліске* сайлауға көрсететін ықпалы қаншалықты болса, сол мөлшерде ғана бақылайды.

<sup>3</sup> 2016 жылғы ақпанда ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының қысқы кездесуінде Сенат төрағасы «парламент сайлауы ашық және әділ, ұлттық заңнамаға және халықаралық стандарттарға сәйкес болады,» деді.

<sup>4</sup> «*Азат*» Қазақстан Демократиялық партиясы, орталық өкіметке қарсы тұрған азаматтық күш өкілдері *Мәжіліске* өтеді деп үміттену шындыққа жанаспайды, деп мәлімдеп, сайлауға қатысудан бас тартты.

<sup>5</sup> «*Бірлік*» партиясы «*Руханият*» және «*Әділет*» Демократиялық партиясының бірігуі негізінде құрылды.

<sup>6</sup> Анықталған сәйкессіздіктер: партияның бас кеңсесі және оның 13 филиалының іс жүзіндегі мекенжайларының тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайлармен сәйкес келмеуі; Партия мүшелерінің саны талап етілетін ең аз сан – 40 000 мүшеден азайды; бірнеше филиалда филиалдағы партия мүшелерінің саны талап етілетін ең аз саннан аз – бір филиалға 600 мүше; партия барлық филиалдарындағы партия мүшелерінің электронды тізімдерін жасамаған; салық заңнамасына сәйкес келмеу және салық декларацияларын өткізбеу.

<sup>7</sup> Елдің 14 облысының және Астана мен Алматы қалаларының өкілетті органдары екі сенатордан сайлайды. Сонымен қатар, Президент 15 сенаторды тағайындайды.

жалпыұлттық сайлау округі аясында, пропорционалды өкілдік негізінде сайланады. Қалған 9 мүшесін Қазақстан Халқы Ассамблеясы, Президент құрған кеңесші орган, сайлайды.<sup>8</sup> Бұл шарт 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Кеңесі құжатының 7.2 тармағына сәкес келмейді. Бұл тармақ бойынша, ұлттық заң шығарушы органның, кем дегенде, бір палатасының барлық орындары төте сайлау арқылы сайлануы керек. ҚХА мүшелері кәдімгі сайлаушылар сияқты да дауыс бере алады, бұл тең сайлау құқығы қағидатына сәйкес емес.<sup>9</sup>

Партиялар, орындарды бөлуге қатысу үшін жалпы дауыс санынан, кем дегенде, жеті пайыз жинау керек, бұл - ЕҚЫҰ өңірінде ең жоғары кедергі.<sup>10</sup> Бір партия ғана кедергіден өтсе, дауыс саны бойынша екінші орын алған саяси партия, кемінде, екі орын алады. Сайлаудан кейін, саяси партия партиялық тізімдегі кандидаттардың арасында орындарды бөледі, партиялар кандидаттар тізімі ретін сақтауға міндетті емес. Бұл сайлаушыларға жария сайлауға қатысушылар жөніндегі ақпаратты шектейді және тиіс практикаға қайшы келеді.<sup>11</sup>

Парламенттік сайлауды, бірінші кезекте, Конституция, «Қазақстан Республикасындағы сайлау жөнінде» конституциялық заң (Сайлау туралы заң), «Саяси партиялар жөнінде» заң және Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қаулылары реттейді.<sup>12</sup> Қазақстанның, бірқатар негізгі халықаралық және өңірлік құжаттарға қосылып,<sup>13</sup> демократиялық сайлау стандарттарын сақтауға ниет білдіргенімен, шектеу ережелері, оның ішінде тұтқындардың сайлау құқығы, кандидаттардың құқықтылығы және жиын мен ойды еркін білдіру бостандықтарын шектеуге байланысты шектеу ережелері, алынып тасталған жоқ. Сайлау құқықтық базасын ЕҚЫҰ міндеттемелерімен және басқа да демократиялық сайлаудың халықаралық міндеттемелерімен және стандарттарымен сәйкестендіруді қамтамасыз ету үшін, оны едәуір реформалау керек.

2012 жылғы Парламенттік сайлаудан бері, сайлау заңнамасын реформалауға атап өтерліктей талпыныс жасалған жоқ және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарының көпшілігі әлі қарастырылуды күтуде. Сот жүйесі жөніндегі заңнаманың өзгерістеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін

<sup>8</sup> ҚХА этникалық және мәдени бірлестіктердің 446 өкілінен тұрады; оның негізгі ролі – қазақстандық азаматтық сәйкестікті қалыптастыру үдерісінде этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

<sup>9</sup> Тең сайлау құқығы қағидаты Адама құқықтары жөніндегі Жалпы Декларацияның 21.3 бабында және Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Пакттың 25 (b) бабында көзделген. 2002 жылғы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушы-мемлекеттеріндегі демократиялық сайлау стандарттары, сайлау құқықтары және бостандықтары жөніндегі Конвенцияның (ТМД Конвенциясы) 3а) бабында былай делінген: «әрбір азаматта бір дауыс немесе басқа азаматтармен бірдей дауыс саны бар және ол өз дауыс беру құқығын басқа азаматтармен тең дәрежеде жүзеге асыру құқығына ие». Конституцияның 51.1 бабында парламенттік сайлауды тең сайлау құқығы негізінде өткізу көзделген.

<sup>10</sup> Кейбір ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттастары осы жоғары кедергіге және оның парламенттегі плюралистік репрезентацияға ықпалына қатысты алаңдаушылық білдірді.

<sup>11</sup> 2002 жылғы “Құқық арқылы демократияға» Еуропа Комиссиясының (Венеция комиссиясы) қабылдаған, сайлауды өткізу кезіндегі ұсынылатын нормалар Жиынтығының I.3.3.1.b.ii параграфында былай делінген: «мемлекеттік органдардың бірқатар міндеттері бар, оның ішінде, олар сайлаушыларға сайлауға қатысатын үміткерлер тізімімен және жекелеген үміткерлермен танысуға мүмкіндік беруі керек, мысалы, көрнекі үгіт құралдарын тиісті түрде орналастыру арқылы».

<sup>12</sup> Басқа да қолданылатын заңдар: «Қазақстан Республикасында Бейбіт жиналыс, митингтер, пикеттер және шерулер ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» ҚР Заңы, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңы, «Байланыс туралы» ҚР заңы, «Телерадиохабар тарату туралы» ҚР заңы, және ҚР Қылмыстық кодексінің тиісті ережелері, «Әкімшілік құқық бұзу туралы» ҚР кодексі, ҚР Азаматтық кодексі және ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің тиісті ережелері.

<sup>13</sup> 1966ж. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пакт, 1979ж. Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік түрлерін жою жөніндегі Конвенция, 2003ж. БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы, 2006ж. Мүгедектер құқықтары жөніндегі Конвенцияға мүше болумен қатар, Қазақстан 2012 жылдан бері Венеция Комиссиясының мүшесі аталды.

және институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша заңнамалық бастама аясында, Сайлау туралы заңға 2015 жылы бірнеше түзетулер енгізілді.<sup>14</sup> ОСК Сайлау туралы заңға түзетулер енгізу жөнінде мазмұнды ұсыныс әзірлеп жатқанын мәлімдеді, ол 2017 жылы қарастырылады және онда бұрын ескерілмеген ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстары ескеріледі, бұл қуанарлық жағдай.

### Сайлау үдерісін басқару

ОСК, 16 облыстық сайлау комиссиялары (ОбСК), 208 аумақтық сайлау комиссиялары (АСК) және 9 840 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) сайлауды жүзеге асырады.<sup>15</sup> Барлық деңгейдегі комиссиялар құрамына бес жылға тағайындалатын жеті мүше кіреді.

ОСК сайлау заңнамасының атқарылуына және бірыңғай қолданылуына жауап беретін тұрақты орган болып табылады. Президент ОСК төрағасы мен екі мүшесін тағайындайды, Сенат және *Мәжіліс* екі мүшеден тағайындайды. Қазіргі кезде, ОСК құрамында алты мүше бар, оны екеуі – әйел адам.

Сайлаудың техникалық дайындығы тиімді түрде және заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылды. ОСК отырыстары ашық өткізілді және оларға бақылаушылар, БАҚ пен саяси партиялар өкілдері қатысты. Сайлауды өткізу туралы жарияланғаннан бері, ОСК бірқатар шешімдерді қабылдап, өз вебсайтында жариялады. Алайда, төменгі сайлау комиссиялары мүдделі тараптарға хабарламай, отырыстарды қажет болған жағдайда өткізіп отырды, бұл үдеріс транспаренттігін шектеді.<sup>16</sup>

Төменгі комиссиялар мүшелерін *Мәслихаттар*, саяси партиялар ұсынған кандидатуралардың ішінен таңдап сайлайды, ал егер кандидатуралар саны жеткіліксіз болса, қоғамдық бірлестіктер немесе жоғарғы сайлау комиссиялары ұсынған кандидатуралар ішінен таңдап сайлай алады.<sup>17</sup> ОСК мәліметтері бойынша, ОбСК барлық мүшелерінің 34 пайызын және төрағалардың жалпы санының 25 пайызын әйелдер құрайды; АСК барлық мүшелері мен төрағаларының 27 пайызын әйелдер құрайды.

Заң бойынша, әр партия кез келген комиссияда бір орын алуға құқылы; *Мәслихаттар* саяси партиялардың кандидатураларымен шектелмейді. Оның үстіне, заң, комиссиялар мүшелері ауысқан жағдайда, партияларға қайтара ұсынуға кепілдік бермейді. Дегенмен, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған кейбір орта және төменгі деңгей комиссияларында барлық мүшелер *«Нұр Отан»* партиясынан болды.<sup>18</sup> Басқа жағдайда, комиссияның кейбір мүшелері

<sup>14</sup> «Азаматтық-процессуалдық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31-шілдеде шыққан ҚР Конституциялық заңын және 2015 жылғы 18-қарашада шыққан «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңын қараңыз.

<sup>15</sup> Оның ішінде, ҚР-дың шет елдердегі 51 дипломатиялық миссиясында ашылған 65 сайлау учаскесі. ОбСК облыстық (өңірлік) әкімшілік деңгейде құрылады: 14 облыстың әрбірінде бір комиссиядан, Астана және Алматы қалаларында бір комиссиядан. АСК аудан, қала және қаладағы аудан деңгейлерінде құрылады.

<sup>16</sup> ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бақылаушылары төменгі сайлау комиссияларының бірде-бір отырысына қатыса алмады. Кейбір комиссия мүшелерінің ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на мәлімдеуінше, отырыстағы талқылаулар тек комиссия мүшелеріне қатысты болды.

<sup>17</sup> Саяси партиядан ұсынылған үміткерлер, өздерін ұсынған тиісті партиялардың мүшесі болуы міндетті емес.

<sup>18</sup> ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на кейбір комиссиялар мүшелерінің барлығы *«Нұр Отан»* партиясынан болғандығын, бірақ оларды әртүрлі ұйымдар ұсынғаны мәлімделді. Мысалы, Мамлют Солтүстік Қазақстандағы АСК, Қарақия АСК-сы, Шығыс Қазақстандағы Риддер мен Семей қалаларының АСК-ы .

өздерін қандай ұйым тарапынан келіп отырғанын білмеді.<sup>19</sup> «Нұр Отан» партиясының іс жүзіндегі басымдығы тиіс комиссиялардың бейтараптығы мен адалдығына қатысты күмән туғызады және халықаралық стандарттар мен тиісті практикаға қайшы келеді.<sup>20</sup>

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның кей сұхбаттастары сайлау комиссияларын құру жеткілікті мөлшерде транспарентті болмағанын айтып, алаңдаушылығын білдірді.<sup>21</sup> ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға партияның мәлімдеуінше, кейбір кезде, ЖСДП өз кандидаттарын ОбСК және АСК-на ұсынғанымен, номинанттардың ешқайсысын тиісті *Мәслихаттар* таңдамаған.<sup>22</sup> Осының салдарынан, ЖСДП, бүкіл ел бойынша комиссияларда, оның ішінде, ОбСК және АСК-ның басқарушы лауазымдарында кеңінен ұсынылмаған.<sup>23</sup> ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ төменгі сайлау комиссияларының құрамына тоғыз шағым түсіру жағдайы жөнінде мәлімдеді. Өкінішке орай, ОСК және Бас прокуратура бұл шағымдар жөнінде нақты ақпарат бере алмады.<sup>24</sup>

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған сайлау комиссияларының 20 пайыздан астамында комиссия басшылары комиссия мүшелерінің тұрақты жұмыс орындарындағы бастықтары болды.<sup>25</sup> Бұл жағдай сайлау комиссияларының тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Жоғарғы сайлау комиссиялары төменгі сайлау комиссиялар үшін тренингтер өткізді, онда ОСК әзірлеген баспа және бейнематериалдар қолданылады. Тренингтерді жүргізу барысында, дәріс оқудан интерактивті құралдарды қолдануға дейін алуан түрлі әдістерді қамтылды. ОСК сайлаушыларға арнап, түрлі ақпараттық бейнематериалдар әзірледі, оның ішінде, сайлаушыларды тіркеу, сайлау рәсімдері, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қатысуы туралы материалдар; бұл бейнематериалдар тұрақты түрде әртүрлі телеарналарда тұрақты түрде, қазақ және орыс тілдерінде көрсетілді.

<sup>19</sup> Астана қ. АСК, Астана қ. ауданының АСК, Шығыс Қазақстандағы Глубокое АСК, Өскемен қ. АСК, Павлодар облысындағы Ертіс АСК, Қашыр АСК, Павлодар қ. АСК.

<sup>20</sup> Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пактке 1996 жылғы БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Кеңес қабылдаған №25 Жалпы ескертудің 20 тармағында былай делінген: «сайлау барысын қадағалау және оның әділдігін, бейтараптығын және Пакт ережелеріне сай тиісті заңдарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, тәуелсіз сайлау органын құру қажет». 2002ж. Венеция комиссиясы қабылдаған, сайлауды өткізу кезіндегі ұсынылатын нормалар Жиынтығының II.3.3.1.е параграфында былай делінген: «саяси партиялар сайлау комиссияларында тең ұсынылу керек немесе осы бейтарап органдардың жұмысын бақылауға мүмкіндік алу керек. Теңдік қатаң немесе пропорционалды деп түсінілуі мүмкін». ТМД Конвенциясының 19 бабының 2 тармағының к) тармақшасы бойынша, қатысушы мемлекеттер: «мемлекеттің заңнамасы мен халықаралық міндеттемелеріне сәйкес, демократиялық еркін, әділ, шынайы, және мерзімді сайлау өткізуді ұйымдастыратын тәуелсіз, бейтарап сайлау органдарын құруды қамтамасыз етуге» міндетті.

<sup>21</sup> Комиссия мүшелері комиссия мүшелерін тағайындау рәсімін нақты сипаттай алмады, және кейбірі *Мәслихаттар* комиссия мүшелерін іріктеу және алмастыру кезінде қолданатын критерийлерді атай алмады.

<sup>22</sup> ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Маңғыстау және Жамбыл облыстарындағы осындай оқиғалардың орын алғаны жөнінде хабардар. Кей жағдайда, *Мәслихаттар* ЖСДП жеткілікті мөлшерде білікті үміткерлерді ұсынбады деп мәлімдеді.

<sup>23</sup> 19 ақпандағы ОСК мәліметтері бойынша, комиссия мүшелерінің 62 пайызын әртүрлі партиялар өкілдері құраған, қалған 38 пайызы – қоғамдық бірлестіктер және жоғары комиссиялар ұсынған кандидатуралар. Орта буын комиссияларында партиялар былай орналасқан: «Нұр Отан» (214 мүше), ҚКХП (193 мүше), «Ақ Жол» (193 мүше), «Бірлік» (191 мүше), «Ауыл» (189 мүше), ЖСДП (26 мүше).

<sup>24</sup> ОСК және прокуратура сайлау комиссияларының құрамына түскен шағымдарды Мәслихаттарға сайлауға қатысты істер ретінде тіркеп, сол себепті оларды ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на бермеді.

<sup>25</sup> Мұндай жағдайлар Алматы қаласының, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Қызылорда облыстарындағы АСК мен УСК-терде орын алған.

## Сайлаушыларды тіркеу

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған немесе жасаған қылмысының ауырлық деңгейіне қарамастан, сот шешімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдардан басқа он сегіз жасқа жеткен барлық азаматтар сайлауда дауыс беруге қатысуға құқылы. Бұл жалпылама ереже халықаралық міндеттемелер, ЕҚЫҰ міндеттемелері және тиіс практикамен қайшы келетін пропорционалды емес шектеу қояды.<sup>26</sup>

ОСК сайлаушы азаматтардың бірыңғай электронды тіркеу реестрін жүргізеді. 2016ж. 1 қаңтарының мәліметтері бойынша, жалпы сайлаушылар саны - 9 791 165 адам, оның ішінен 14 013 сайлаушы шетелде тіркелген. Сайлаушылар тізімдері азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрастырылып, оларды *әкімдіктер* (жергілікті атқарушы органдар) басып шығарған. Тұрғылықты жерінен басқа жерден дауыс бергісі келетін сайлаушылар, сайлау күніне, кем дегенде, 30 күн қалғанда, уақытша тұратын жері бойынша тиісті сайлаушылар тізіміне оларды енгізу жөнінде жазбаша өтініш бере алады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттастары көп жағдайда, сайлау тізімінің дәлдігі жөнінде алаңдаушылық білдірген жоқ.

Азаматтар сайлаушылар тізімімен 4 наурыздан бастап, таныса алады және өз мәліметтерінде жіберілген қателерді түзетуді талап етуге құқылы.<sup>27</sup> Сонымен қатар, сайлаушылар өздерінің тіркеу мәліметтерін және сайлау учаскелерінің орналасуын интернетте тексере алады. Сайлау күніне дейін екі апта ішінде, сайлаушылар дауыс беру құқығына есептен шығару куәлігін (ЕК) ала алады, бұл куәлік оларға өздері тіркелген қала немесе ауылдан тыс кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік береді. Егер сайлаушылар, халыққа қызмет көрсету Орталығы берген тиісті мекен-жай анықтамасын көрсетсе, олар сайлау күні де тіркеле алады.<sup>28</sup>

## Кандидаттарды тіркеу

Сотталғандығы өтелмеген және сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылған азаматтардан басқа, 25 жасқа жеткен және Қазақстан Республикасы аумағында соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан тіркелген сайлаушылар сайлауға түсе алады. Тәуелсіз кандидаттардың өзін-өзі ұсынуы және сайлау блоктарын құруға тыйым салынған.<sup>29</sup> Бұл кандидаттар құқықтарына қатысты шектеулер 1990ж. ЕҚЫҰ Копенгаген

<sup>26</sup> 1990ж. ЕҚЫҰ Копенгаген Кеңесі Құжатының 7.3 тармағына сәйкес, қатысушы мемлекеттер «ересек азаматтарға жалпыға бірдей және тең сайлау құқығына кепілдік береді», ал 24 тармағына сәйкес, кез келген құқықтар мен бостандықтарды шектеу «осы заң мақсатына қатаң түрде сай болуы керек». 2002ж. Еуропа Кеңесі Венеция комиссиясы қабылдаған, сайлауды өткізу кезіндегі ұсынылатын нормалар Жиынтығының I.1.1.d.iii параграфы бойынша, дауыс беру құқығынан айыру пропорционалды қағидатын сақтауға бағыну керек. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пактке 1996 ж. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Кеңес қабылдаған №25 Жалпы ескертудің 14 тармағын қараңыз.

<sup>27</sup> Демалыс үйлерінде, шипажайларда, стационарлық емдеу-профилактикалық мекемелерде, шалғай және жету қиын аудандарда, отарлы мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторларында және уақытша ұстау изоляторларында, және шет ел мемлекеттеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанында, Қазақстан Республикасына тиесілі сайлау күнінде теңізге болған кемелерде, әскери бөлімдерде құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері сайлаудан бес күн бұрын жарияланады.

<sup>28</sup> Халыққа қызмет көрсету орталықтары Инвестициялар және даму министрлігінің құзырында. Әрбір әкімшілік деңгейде бір-бір осындай орталық бар.

<sup>29</sup> ОСК тәуелсіз үміткер ретінде тіркелуге тілек білдірген азаматтардан екі өтініш қабылдады.



Кеңесі Құжатының 7.5 тармағына, басқа да халықаралық стандарттарға және тиіс практикаға қайшы келеді.<sup>30</sup>

Қазіргі кезде заңды күші бар құқықтық базаның шектеулеріне қарамастан, кандидаттарды тіркеу инклюзивті болды. Заңмен белгіленген мерзім, 19 ақпанға дейін, ОСК алты саяси партия жалпы ұлттық партиялық тізімдер арқылы ұсынған барлық 234 кандидатты тіркеді. Тіркеу құжаттарымен қоса, партиялық тізімдегі әрбір кандидат үшін, он бес ең төменгі жалақы көлемінде (шамамен 850 еуро) сайлау жарнасын өткізу қажет.<sup>31</sup> ЖСДП-ның ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ -ға мәлімдеуінше, әрбір кандидат үшін талап етілген сайлау жарнасын тапсыра алмайтын болғандықтан, олар көп кандидат ұсына алмаған. 234 кандидаттың 47-сі (20 пайыз) – әйелдер. Сайлау туралы заңда гендерлік квота немесе осы сайлауға әйелдерді қатысуға ынталандыру бойынша басқа да арнайы шаралар қарастырылмаған.<sup>32</sup>

ОСК 16 ақпанда өткізген жеребе тастау рәсімі бойынша, бюллетенде партияларды белгілеудің келесі реті анықталды: «Нұр Отан» (127 кандидат – 30 әйел), ҚКХП (22 кандидат – 4 әйел), «Ақ Жол» (35 кандидат- 6 әйел), «Бірлік» (8 кандидат- 1 әйел), ЖСДП (23 кандидат – 4 әйел), «Ауыл» (19 кандидат- 2 әйел).

### Сайлауалды үгіт

Ресми сайлауалды үгіт 20 ақпанда, яғни кандидаттардың тіркелуі аяқталғаннан кейін, басталып, 18 наурызда, сағат 24.00-де аяқталды. Сайлауалды үгіт аясындағы іс-шаралар саны соңғы екі аптада көбейді, бірақ, жалпы алғанда, үгіт аса көрнекі болған жоқ. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттастарының айтуынша, жергілікті сайлауға байланысты сайлауалды үгіт қарқындырақ болған. Алты партияның қатысуы саяси әртүрлілік пен таңдауды қамтамасыз еткендей болса да, сайлауға қатысушылардың көпшілігінің үгіт тұғырнамалары мен сөздері Президент стратегияларына сәйкес болды және саяси баламалар ұсынудан тартынды.<sup>33</sup> Көптеген партиялардың үгіттеу тұғырнамалары әлеуметтік тұрақтылыққа, экономикалық дағдарысты еңсеру бойынша жоспарларға, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды сақтау тақырыптарының айналысында болды.<sup>34</sup> ЖСДП басқарушы партия саясатын сынаған жалғыз партия болды және сайлау үдерісінің тұтастығы жөнінде алаңдаушылық білдірді.

Кандидаттар, жалпы алғанда, қазіргі құқықтық аяда сайлауалды үгітті еркін жүргізе алды, дегенмен, алдыңғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарына қарамастан, қазіргі құқықтық базада әлі де іс-шараны өткізу үшін алдын ала хабарлаудың орнына рұқсат сұрау міндеті сияқты шектеу

<sup>30</sup> 1990ж. ЕҚЫҰ Копенгаген Кеңесі Құжатының 7.5 тармағына сәйкес, қатысушы мемлекеттер азаматтардың саяси және мемлекеттік лауазымдарға ұмтылу құқығын кемсітушіліксіз құрметтейді. Еуропа Кеңесі Венеция комиссиясы қабылдаған, сайлауды өткізу кезіндегі ұсынылатын нормалар Жиынтығының I.1.1.1.d.iii параграфы бойынша, дауыс беру құқығынан айыру пропорционалдық қағидатын сақтауға бағыну керек. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пактке 1996 ж. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Кеңес қабылдаған №25 Жалпы ескертудің 15 тармағына сәйкес, «сайлауға түсу құқығына қатысты кез келген шектеулер ... объективті және негізделген критерийларға сүйену керек». 2002ж. ТМД Конвенциясының 4 бабының 3 тармағында былай делінген: «әрбір азаматтың өз кандидатурасын сайлауда ұсынуға тең құқықтық мүмкіндіктері болуы керек».

<sup>31</sup> Сайлау жарнасын алдыңғы сайлауда дауыстың жеті немесе одан көп пайызын жинаған саяси партиялар төлемейді, алдыңғы сайлауда дауыстың 3-5 немесе 5-7 пайызын жинаған саяси партиялар сайлау жарнасының сәйкесінше 70 және 50 пайызы көлемін төлейді. 7 пайыздық кедергіден өткен саяси партияларға сайлау жарналары қайтарылып беріледі.

<sup>32</sup> Таратылып жатқан *Мәжілісте* 28 (26,2 пайыз) депутат-әйел, ал Сенатта 3 (6,4) әйел бар.

<sup>33</sup> «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» және «Нұрлы Жол» .

<sup>34</sup> Кейбір партиялар мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты мәселелерді көтеріп, олар үшін тең құқықтарды қамтамасыз етуге шақырды.

ережелері бар, бұл халықаралық стандарттарға және тиісті практикаға қайшы.<sup>35</sup> ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 23 іс-шараны бақылады. Сайлауалды үгіт кезеңінің барысында, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на сырттағы сайлауалды үгітке қатысты іс-шараларды өткізу жөніндегі төрт өтінішті жергілікті атқару органдары қабылдамай тастағаны жайлы мәлім болды.<sup>36</sup>

1990ж. ЕҚЫҰ Копенгаген Кеңесі құжатының 5.4 тармағы бойынша, қатысушы мемлекеттер «мемлекет пен саяси партиялар арасындағы айқын бөліністі» қамтамасыз етуге міндеттеме алады. Басқарушы партияның үкіметтің және әкімшіліктің барлық деңгейлеріндегі көп жылдар бойғы басым позициясы Мемлекет пен партияның арасындағы айырмашылықты қазіргі кезде мүлдем көмескі етті. Басқарушы партия өз төрағасының қос ролі мен қызметін пайдаға асырды.<sup>37</sup>

Көптеген кандидаттар қолданатын үгіттеу құралдарына келесілер жатады: пәтерлерді аралау, үндеухаттар тарату, флэш-мобтар өткізу және жабық үй-жайларда кездесулер өткізу, партиялардың қоғамдық қабылдау бөлмелерін қолдану, онда азаматтар күнделікті проблемаларын шешу жөнінде кеңес және партия жұмысы туралы ақпарат ала алады. Барлық партиялар үшін үгіт материалдарын орналастыруға арналған орындар қолжетімді болды. Көптеген партиялар сайлаушылармен кездесулерін мемлекеттік және жеке кәсіпорындарда, оқу орындарында, кітапханаларда және мәдени орталықтарда өткізді. «*Ақ Жол*», «*Ауыл*», «*Бірлік*», ҚКХП және ЖСДП партияларының плакаттары, постерлері және үндеухаттары ел аумағында азырақ мөлшерде ұсынылған. Барлық партиялар әлеуметтік желілерді қолданды және шектеулі қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты, ЖСДП сайлаушылармен тіл қатысу үшін әлеуметтік желілерді кеңінен қолданды.

<sup>35</sup> «Қазақстан Республикасында Бейбіт жиын, митингтер, пикеттер және шерулер ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» ҚР Заңына сәйкес, іс-шара белгіленген күннен 10 күн бұрын ұйымдастырушылар жергілікті атқару органына іс-шара түрі және өкілетті ұйымдастырушылары көрсетілген жаппай іс-шара өткізу жөнінде өтініш беру керек. 1990ж. Копенгаген Кеңесі Құжатының 9.2 параграфында былай делінген: «әр адамның бейбіт жиынға және шеруге құқығы бар. Осы құқықтарды жүзеге асыруға қатысты қойылатын барлық шектеулер заңмен белгіленеді және халықаралық стандарттарға сәйкес болады». Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пактке 1996 ж. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Кеңес қабылдаған №25 Жалпы ескертудің 12 тармағында былай делінген: «Ойын еркін білдіру, бейбіт жиын өткізу және бірлестіктер құқықтары тиімді түрде дауыс беру құқығын жүзеге асыру үшін аса маңызды шарт болып табылады және толығымен қорғалу керек». 27 қаңтар 2015ж. БҰҰ Арнайы баяндамашысының Қазақстан Республикасында бейбіт жиын өткізу бостандығы құқығы жөніндегі Мәлімдемесін қараңыз.

<sup>36</sup> Астана қаласының жергілікті атқару органдары *Бірлік*, *ЖСДП*, *ҚКХП*, *Ауыл* партияларының Астана қаласында сыртта сайлауалды үгітке қатысты іс-шараларды өткізу жөніндегі өтініштерін қабылдамады. Жергілікті атқару органдары бейбіт жиын өткізу туралы Заңның көпшілік жиындар көлік қозғалысын және жаяу жүргіншілердің жолын бөгемеуі керек деген ережесіне сүйенді. Екі жағдайда, *Бірлік* және *ҚКХП*, жергілікті атқару органдары, сонымен қатар, өтініштерде іс-шаралар жөнінде жеткілікті ақпарат берілмегенін анықтады.

<sup>37</sup> Президент өз ресми қызметі аясында, кейбір іс-шараларда «*Нұр Отан*» партиясын қолдап, осы партияға дауыс беруге шақырды. 4 наурызда Астанада Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қазақстанның әйелдер қауымының өкілдерімен кездесу кезінде; 9 наурызда Оралда ҚХА республикалық форумы кезінде; 10 наурызда Ақтөбеде Республикалық жастар форумы кезінде. 1 наурызда Астанада жаңадан енгізілген мейрам, Алғыс айту күні «*Нұр Отан*» партиясының 17-жылдығымен бірге тойланды. «*Нұр Отан*» партиясының бірнеше кеңсесі мемлекеттік және жергілікті басқару органдарымен бір ғимаратта орналасқан.

## Сайлау науқанын қаржыландыру

Саяси партиялар, үгіттеу іс-шараларын қаржыландыру үшін, өз қаражатын және дербес жанашырлық жәрдемді қолдана алады.<sup>38</sup> Тек парламенттік партиялар ғана өздерінің ағымдағы жұмыстары үшін мемлекет тарапынан қаржыландырылуға құқылы, сонымен қатар, Республикалық бюджетте сайлау науқандарын қаржыландыру қарастырылмаған. Сайлау науқанын қаржыландыруға жұмсауға болатын жалпы сома 342 885 000 теңгені (шамамен 888 000 евро) құрайды. Саяси партиялар қаражаттың түсуін және оның жұмсалуды есепке алу үшін арнайы банк шотын ашу керек, ал банктар ОСК-на апта сайын шот бойынша қаражат қозғалысы жөнінде есеп береді.

ОСК сайлау науқандары қаржысы транспаренттігін қадағалауға және қамтамасыз етуге жауапты. 2015ж. тамызында ОСК жөніндегі Ережеге енгізілген түзетулерге сәйкес, ОСК сайлауалды үгіт барысында екі рет әр партия бойынша кіріс пен шығыс көрсетілген қаражаттың жалпы сомасын жариялады. Салымшылар және науқанға бөлінген қаражат қалай жұмсалғаны жөніндегі ақпараттың болмауы сайлаушылардың саналы таңдау жасау мүмкіндігін шектеді.<sup>39</sup> Сайлау аяқталғаннан кейін, саяси партиялар сайлау науқандарын жүргізу аясында жұмсалған қаражат жөнінде есеп беру керек, осыған сүйеніп, ОСК өз жалпы есебін жариялайды. Сайлау туралы заңға сәйкес, есепте әр партия алған жалпы сома және осы қаражат көздері көрсетуілу керек, бірақ ОСК науқан салымшылары және қор қаражатының қалай жұмсалғаны жөніндегі ақпаратты жариялауға міндетті емес, бұл сайлау науқандарын қаржыландыру транспаренттігін шектейді.

## БАҚ

Соңғы жылдары, Қазақстандағы медиа ортаға тәуелсіз ақпарат көздерінің болмауы және ойды еркін білдіру бостандығын көп жағдайда мойындамайтын шектеуші заңнамалық база тән. БАҚ бостандығы мәселелері бойынша ЕҚЫҰ Өкілі елдегі БАҚ бостандығының жағдайы жөнінде, оның ішінде, әкімшілік құқық бұзуға үйлесімсіз, шамадан тыс көп мөлшерде айыппұл салуға, және пікірлер плюрализмін шектеуге әкелген тілшілерді және тәуелсіз дереккөздерді сотпен қудалауға қатысты, алаңдаушылық білдірді.<sup>40</sup>

Мемлекет өз ықпалын кең ауқымды мемлекеттік тендерлер (мемлекеттік тапсырыстар) жүйесі арқылы пайдаланады. Сонда, медиа арналардың көптігіне қарамастан, БАҚ әртүрлі пікірлерді ұсынбайды, атап айтқанда, әсіресе ауылдық жерлерде негізгі ақпарат көзі болып

<sup>38</sup> Қазақстан Республикасының азаматтары және ұйымдары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, қайырымдылық ұйымдарынан, діни бірлестіктерден, өз жарғылық капиталында шетелдік үлесі бар қазақстандық заңды тұлғалардан басқасы, саяси партияның сайлау қорына ерікті түрде жанашырлық жәрдем бере алады. Анонимді түрде жанашырлық жәрдем беруге тыйым салынған.

<sup>39</sup> ОСК жариялаған бірінші және екінші шолуларды қараңыз, онда әр партия алған жалпы сома ғана көрсетілген. 2002ж. ТМД Конвенциясының 12.5 бабына сәйкес, саяси партиялар өз салымшылары және сайлау қорының қаражаты қалай жұмсалғаны жөнінде ақпарат беру керек, ал сайлау органдары көрсетілген мәліметтерді жариялауды қамтамасыз етеді.

<sup>40</sup> 10 наурыз 2016 ж. БАҚ бостандығы мәселелері бойынша ЕҚЫҰ Өкілінің ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесіне берген Есебі және 26 қаңтар 2016 ж., 26 желтоқсан 2015 ж., 27 қазан 2015 ж. және 25 қыркүйек 2015 ж. мәлімдемелерін қараңыз. 22 ақпанда «КазТАГ» дербес жаңалық агенттігінің құрылтайшысы және Қазақстан тілшілері Одағы Басқармасының Төрағасы салық төлеуден жалтару және мемлекеттік қаражатты ұрлау айыбымен тұтқындалды. Алматыда орналасқан сөз бостандығын қорғау Қорының, тергеу ашықтығын қамтамасыз ету үшін Бас Прокурорға өтініш білдірілген «Әділ Сөз» үндеуін 400-ден астам тілші қолдады.

табылатын телевизия арналарында. Көбінесе, жастар және қала тұрғындарының арасында, саяси ақпараттың балама көзі болып табылатын интернетті, оның ішінде, әлеуметтік желілерді қолдану мөлшері ұлғаяды. Дегенмен, құқықтық базадағы көп мөлшердегі санкциялар, оның ішінде, вебсайтқа кіруді бұғаттау, өзін-өзі цензурауға әкелуі және онлайн домендердегі саяси дискурста қауіп төндіруі мүмкін.<sup>41</sup>

Конституция сөз бостандығына кепілдік беріп, цензураға тыйым салғанына қарамастан, БАҚ бойынша құқықтық базада бірқатар шектеуші ережелер бар. Заңда көптеген санкциялардың болуы қоғамдық пікірталастарды тежейді және балама пікірлерді басып тастайды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарына және ЕҚЫҰ Өкілінің мәлімдемелеріне қайшы, Қылмыстық Кодекста жала жабу және қорлау жөніндегі ережелер сақталған. Кодекста, сонымен қатар, әлеуметтік, ұлттық және діни араздықты қоздыруға және жалған ақпаратты таратуға қатысты ереже бар және бұл, сәйкесінше, 20 және 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеледі. Бұл шектеулер және Азаматтық кодекс аясында жиі қолданылатын ірі айыппұлдарға әкелетін жала жабу жөніндегі ережелер өзін-өзі цензурауға әкелетін құқықтық базаны қалыптастырады.<sup>42</sup>

Сайлау туралы заң БАҚ-ты сайлау науқандары жөнінде объективті түрде хабар таратуға міндеттейді және саяси партияларға БАҚ-қа тең қолжетімділікке кепілдік береді. ОСК БАҚ-ның Сайлау туралы заңды орындауын қадағалайды және бұл міндетті Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен (Байланыс Комитеті) бірлесіп отырып, осы міндетті атқарады.<sup>43</sup>

Сайлауалды науқан республикалық БАҚ-та көрініс тапты.<sup>44</sup> ОСК-тың Заңды тар аяда түсіндіргендігіне байланысты, сайлауға түскен партияға, жаңалық форматынан тыс берілген кез келген эфир уақыты сайлауалды үгіт деп қарастырылады және партияның сайлау қорынан төленеді. Осының салдарынан, сайлауға қатысушылар төлеген саяси жарнаманы қолданған, ал, тілшілердің сайлауалды үгіт жөніндегі хабар таратуы жаңалықтармен және мақалалармен шектелген. Жалпы алғанда, сайлаушыларға кандидаттар және нақты олардың саясаты жөнінде білуге толыққанды мүмкіндік беретін терең, жан-жақты талдау орын алмады. Заңда кандидаттарды ұсынған саяси партиялар арасында пікірталас ұйымдастыру көзделген; ОСК пікірталастарды ұйымдастырады. 16-наурызда ОСК, «Хабар» телеарнасында, барлық сайлауға түскен партиялар қатысуымен, бір алдын ала түсірілген телепікірталас ұйымдастырды. Бұл пікірталастың формалистік сипаты интерактивті пікір алмасуға мүмкіндік бермеді.

<sup>41</sup> Соңғы айларда, бірнеше сот ісі орын алды, блоггерлер мен тілшілерге онлайн және әлеуметтік медиа арналарда «этносаралық араздықты қоздырды» немесе «сепаратизмді» насихаттады деген айып тағылды.

<sup>42</sup> 2015ж. мүмкін алдын алу шарасы ретінде, Салық кодексіне талапкер ар-намысын қорғау туралы азаматтық істер бойынша келтірілген моральдық залалдың орнын толтыру жөнінде талап қою арызы сомасына байланысты баж салығын төлеуі қажет деген түзетулер енгізілді.

<sup>43</sup> Байланыс Комитеті 450-ден астам медиа арналарда сайлауалды үгіттің көрсетілуін сандық жағынан (сарыны емес) талдады.

<sup>44</sup> 20 ақпанда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жеті телеарна: «Қазақстан», «Хабар», «KZ24» телеарналары (мемлекет қаржыландыратын телехабар таратушылар), *Первый канал «Евразия»* (мемлекет қаржыландыратын БК), «Астана», «31 арна» және «КТК» (дербес арналар); бір радиостанция - «Қазақ радиосы» (мемлекет қаржыландыратын радио); алты газет: «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері (мемлекет қаржыландыратын газеттер), «Караван», «Литер», «Время» және «Жас Алаш» (дербес газеттер) бойынша сандық және сапалық мониторинг жасауға кірісті. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ, сонымен қатар, онлайн-ресурстарда сайлау жөнінде хабар тарату мониторингін жасайды: [www.informburo.kz](http://www.informburo.kz), [www.nur.kz](http://www.nur.kz), [www.tengrinews.kz](http://www.tengrinews.kz), [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz), [www.365info.kz](http://www.365info.kz).

Үгіт науқаны барысында, БАҚ сайлауға қатысқан барлық партияларды қамтыды, мемлекет қаржыландыратын медиа арналар тең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша ресми талапты орындау үшін көп күш салды. Дегенмен, БАҚ Президенттің қызметін, оның ішінде, тұрақты жұмысын және салтанатты іс-шараларға қатысуын кең көлемде көрсетті. Мемлекет қаржыландыратын хабар тарататын компаниялар Президентке көрермені және тыңдарманы ең көп уақытта (прайм тайм) көрсетілетін саяси жаңалықтардың 27 мен 43 аралығындағы пайызын бөлді.<sup>45</sup> Сайлауға қатысушыларға келетін болсақ, БАҚ оларға 0 мен 10 аралығындағы пайызын бөлді.<sup>46</sup> Мемлекет қаржыландыратын екі газет те дәл осы тәсілді қолданды.<sup>47</sup> Партиялардың көпшілігі туралы жаңалықтар жағымды және бейтарап сарында болды, «*Нұр Отан*» партиясы көптеген жағдайда жағымды жағынан көрсетілді, жиі Президент стратегияларының жетістіктерімен тікелей байланыстырылды. Басқа сайлауға қатысушылар туралы хабар таратумен салыстыратын болсақ, мемлекет қаржыландыратын арналар «*ЖСДП*» басшысына сөйлеу мүмкіндігін сирек берді, спикерлерді, көбінесе, алыстан көрсетіп, жалпы алғанда, партия науқанының тұғырнамасына емес, техникалық аспектілеріне, мысалы, кездесулер бағдарларына, таратылған үндеухаттардың санына, көбірек тоқталды.<sup>48</sup>

4 наурызда ЖСДП ОСК-на мемлекет қаржыландыратын үш хабар тарату компаниясының оның сайлау науқанын көрсету әдістеріне қатысты шағым түсірді. Партияның мәлімдеуінше, арналар ЖСДП және оның кандидаттарының танымалдығын әдейі түсіріп отырды. 5 наурызда ОСК өз ауызша жауабында, бұл арналардағы хабар тарату құқықтық талаптарға сай деп түсіндірді. Алайда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мониторингісінің нәтижелері бойынша, 10 наурыздан бастап, мемлекет қаржыландыратын арналарда бірнеше күнге хабар тарату жақсарды. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на БАҚ-на маңызды саяси оқиғалар жөнінде хабарлау мақсатында, байланыс Комитеті әзірлейтін, ірі БАҚ-на тұрақты түрде жіберілетін медиа-жоспар туралы мәлім болды.<sup>49</sup> Бұл практика мемлекет қаржыландыратын БАҚ-ның редакциялық саясатының тәуелсіздігіне қатысты күмән тудырады.

<sup>45</sup> *Первый канал «Евразия»* Президентке, оның ресми қызметінде, жаңалық бағдарламаларының 43 пайызын; *Қазақ радиосы* – 33 пайызын, «*KZ24*» - 35 пайызын, «*Хабар*» - 33 пайызын және «*Қазақстан*» - 27 пайызын бөлді. Бұл хабарлар көбінесе жағымды немесе бейтарап сарында болды.

<sup>46</sup> «*Хабар*» жаңалықтарының 10 пайызы «*Нұр Отан*» партиясына, әрбіреуіне 9 пайыздан – «*Ақ Жол*», «*Ауыл*» және ҚКХП-ға, әрбіреуіне 8 пайыздан – «*Бірлік*» және «*ЖСДП*»-ға; Басқа мемлекет қаржыландыратын компаниялар жаңалық уақытын былай бөлді: «*Қазақстан*»: «*Ауыл*» және ҚКХП-ға – әрбіреуіне 9 пайыздан, «*Ақ Жол*», «*Бірлік*» және «*ЖСДП*» партияларына – әрбіреуіне 8 пайыздан, «*Нұр Отан*» - 7 пайыз; «*KZ24*»: «*Ақ Жол*», «*Ауыл*», «*Бірлік*», ҚКХП және «*ЖСДП*» партияларына – әрбіреуіне 7 пайыздан, «*Нұр Отан*» - 6 пайыз; *Қазақ радиосы*: Әрбір сайлауға қатысушыға - 4 пайыздан; *Первый канал «Евразия»*: «*Нұр Отан*» - 3 пайыз, басқа сайлаушылар әрбіреуіне 0,5 пайыздан азырақ уақыт тиесілі болды.

<sup>47</sup> «*Егемен Қазақстан*» газеті саяси жаңалықтардың 26 пайызын Президентке, 11 пайызын – «*Нұр Отанға*», «*Ауыл*» және «*Бірлікке*», әрбіреуіне - 6 пайыздан, «*Ақ Жол*», «*ЖСДП*» және ҚКХП-ға, әрбіреуіне – 5 пайыздан бөлді. «*Казахстанская правда*» газеті саяси жаңалықтардың 18 пайызын Президентке, 9 пайызын – «*Нұр Отанға*», «*Ақ Жол*», «*Ауыл*» және ҚКХП-ға, әрбіреуіне – 8 пайыздан, «*Бірлікке*» - 7 пайыз, «*ЖСДП*»-ға – 6 пайыз бөлді.

<sup>48</sup> Сонымен қатар, 9 наурызда «*ЖСДП*» «*Хабар*» телеарнасына төленген роликті көрсетуге өтінім жіберді. Дегенмен, арна ролик мәтінін редакциялауды сұрады және оны 15 наурызда прайм тайм кезінде көрсетті. БАҚ ішкі ережесі бойынша, төрт күн бұрын хабарлау қажет екеніне қарамастан, ролик алғаш өтініш жасалғаннан алты күн өткен соң көрсетілді.

<sup>49</sup> Кей медиа арналардың ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ын мәлімдеуінше, медиа жоспар саяси оқиғалар жөнінде хабар таратудың нұсқаулығы және негізі қызметін атқарады.

## Азшылық ұлттар

26 ақпанда ҚХА Кеңесі тоғыз кандидатты ұсынды, атап айтқанда, қазақ көпшіліктің бір өкілі және азшылық ұлттардың сегіз өкілі, арасында екі әйел бар. 21 наурызда ҚХА 9 мүшесін кезектен тыс отырысында *Мәжіліске* сайлайды.

Партиялардың көпшілігінің бағдарламалары этносаралық келісімді қолдады. «*Нұр Отан*», «*Ақ Жол*» және «*Бірлік*» этникалық топтардың теңдігіне баса наза аударса, ҚКХП этникалық кемсітушілікке қарсы шығып, инклюзивті азаматтыққа шақырды, «*ЖСДП*» және «*Ауыл*» қазақ тілін, ұлттық сәйкестік, дәстүрлер және мәдениетті қайта жандандыруға уәде берді. Сайлау науқаны аясында, Президент Назарбаевтың көпшілік алдында сөйлегенде, орыс тілінің ресми қолданысын қолдауы туралы мәлімдегені көрсетілді.

Заң бойынша, *Мәжіліске* кандидаттарды тіркеу үшін, ҚХА ұсынған тоғыз кандидаттан басқаларға этникалық шығу тегі жөнінде мәліметтер тапсырудың қажеті жоқ. Алайда, ОСК кей партиялық тізімдерде ұсынылған этникалық топтардың саны көрсетілген пресс-релиздерді жариялады. Сайлау туралы Заң бойынша, сайлау нәтижелерін анықтау және жариялау кезінде кандидаттың ұлты, кандидат оны қалаған жағдайда ғана, жария етіледі. Сайлау әкімшілігі мүшелерінің ұлты туралы мәліметтерді тапсыру заңмен талап етілмейді. Дегенмен, ОСК бұл мәліметтерді ОбСК және АСК бойынша жинап алды.<sup>50</sup>

## Шағымдар және арыздар

Сайлау туралы Заң шешімдерге шағымдануға, сайлау комиссияларының немесе жергілікті өкімет органдарының әрекеттері немесе әрекетсіздігі, сонымен қатар, сайлау туралы Заңның бұзылуы жөнінде мәлімдеуге мүмкіндік береді. Алайда, Заң нақты жоғары лауазымды ресми тұлғаларға сайлау нәтижелеріне шағым түсіру құқығын шектейді, сол арқылы сайлауға қатысатын партияларға нәтижелердің дәлдігімен келіспеуге мүмкіндік бермейді, ал бұл халықаралық стандарттарға және тиісті практикаға сәйкес келмейді.<sup>51</sup>

Сайлау үдерісінің барлық қатысушылары сайлау комиссияларына немесе соттарға шешім қабылданған, әрекет немесе әрекетсіздік жасалған күннен бастап, он күн ішінде шағым түсіре алады. Сайлау туралы Заңға енгізілген соңғы түзетулер алдыңғы анық емес тұстарға көңіл бөліп, ОСК шешімдеріне түскен барлық шағымдарды қарастыру құзыретіне Жоғары Сот ие екенін айқындады.<sup>52</sup> Комиссиялар, соттар және прокуратура барлық шағымдарды дереу қарады, барлық жағдайларда шағымдарды қарауға бес күндік мерзім сақталды. Дегенмен, ОСК бірнеше сұрақты, олардың шағым сипатында болғанына қарамастан, өтініш санатына жатқызды, сәйкесінше олар бірлесе отырып, көпшілік алдында қарастырылған жоқ.

<sup>50</sup> Бұл мәліметтер бойынша, барлық ОбСК және АСК мүшелерінің 80,5 пайызы – қазақтар, 14,5 пайызы – орыстар, 2,5 пайызы – украиндар, 2,5 пайызы – басқа ұлт өкілдері.

<sup>51</sup> Президент, Парламент депутаттарының жалпы санының бестен бірі, Парламенттің қос палатасының спикерлері және Премьер-Министр сайлау нәтижелеріне шағым түсіре алады. Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясында былай делінген: «Әр адам, оған Конституция немесе Заң берген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда, құзырлы ұлттық соттар арқылы өз құқықтарын тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы». 2002ж. Венеция комиссиясы қабылдаған, сайлауды өткізу кезіндегі ұсынылатын нормалар Жиынтығының II.3.3.3.f параграфында былай делінген: «тиісті сайлау округі бойынша тіркелген барлық кандидаттар мен сайлаушылар шағымдануға құқылы. Сайлау нәтижесіне шағымдану туралы сайлаушылардан түскен мәлімдемелерге қатысты, олардың ең аз санына байланысты ақылға қонымды талаптарды белгілеуге болады».

<sup>52</sup> Жоғарғы Сот судьяларын Президент Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды.

Сайлауалды кезең барысында, ОСК *Мәжіліске* сайлауға қатысты 30 ресми хат алды, оның ешқайсысы шағым санатына жатқызылған жоқ; Жоғары Сотқа бір талап берілді; прокуратураға *Мәжіліске* сайлауға қатысты сайлау үдерісін бұзу туралы үш мәлімдеме түсті.

### Жергілікті және халықаралық бақылаушылар

Сайлау туралы Заңда жергілікті және халықаралық бақылаушылар тарапынан сайлауды бақылау көзделген. Қоғамдық бірлестіктер және коммерциялық емес ұйымдар жергілікті бақылаушыларды ұсына алады.<sup>53</sup> Саяси партиялар да бақылаушылар мен тең құқылы сенімді тұлғаларды тағайындай алады, және сенімді тұлғалар дауысты қайта санауды талап ете алады. ОСК халықаралық бақылаушыларды аккредитациядан өткізеді. Басқару органдары бірқатар халықаралық бақылау ұйымдарына ашық және шектелмеген шақырулар жіберді және бірқатар халықаралық бақылаушыларды жылы қарсы алды. 14 наурыз мәліметі бойынша, ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, ЕҚЫҰ ПА, ЕКПА, ТМД, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Түркі тілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы, Ислам ынтымақтастығы Ұйымы және кейбір шет елдердің 817 бақылаушысын аккредитациядан өткізді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на азаматтық қоғам тарапынан кейбір ұйымдар парламенттік сайлауды республикалық және өңірлік деңгейде бақылағаны туралы мәлімделді.

### Сайлау күні

Сайлау күні тиімді түрде ұйымдастырылды, дауыс беру, дауыстарды санау және мәліметтерді кестеге жинақтау барысында үлкен рәсімдік қателіктер және сәйкессіздіктер орын алды. Халықаралық бақылаушыларға бұл үдерісті қадағалауға көп жағдайда кедергі келтірілді. ОСК мәлімдеуінше, сайлаушылардың келуі 77,1 пайызды құрады.

Дауыс беру учаскелерінің көпшілігі уақытында ашылды, олар барлық қажетті материалдармен жабдықталған болды және бұл үдеріс, сегіз бақылаудан басқасында, жалпы алғанда, оң баға алды. УСК-ның үштен бірі, алайда, жиналған сайлау бюлетендерін санаған жоқ және санын жариялаған жоқ.

Дауыс беру үдерісі бақылаудың 8 пайызында теріс баға алды, бұл үдерісте ережелерді бұзу орын алғанын көрсетеді. Бақылаушылар дауыс беру жәшігіне жалған бюлетендерді салудың 19 жағдайы, сайлаушылар тізімдерінде бірдей болып көрінген бірқатар қолдар (бақылаудың 16 пайызы), топпен дауыс беру (6 пайыз), сенімді тұлға арқылы дауыс беру (4 пайыз), және тиісті түрде мөр қойылып, жабылмаған дауыс беру жәшіктері (4 пайыз). Көптеген бақылаушы топтарға сайлаушылар тізімдерін толығымен тексеруге мүмкіндік берілген жоқ. Бірқатар жағдайларда, оларға ондай мүмкіндік берілгенде, бақылаушылар УСК-лар берген сайлаушылардың келуіне қатысты сандармен және бақылау кезінде сайлау бюлетендерін тапсырған сайлаушылар санымен салыстырғанда, тізімдерде қолдар саны аз екенін байқады. Бұл тіркелген сайлаушылардың санына негізделген сайлаушылардың келу көрсеткіштеріне қатысты үлкен алаңдаушылық тудырады.

Дауыстарды санау, дауыс беруге қарағанда, бақылаушылардың жартысына жуығынан (46 пайыз) әлдеқайда көбірек теріс баға алды, олар үлкен ереже бұзушылықтарды байқады. Дауыс беру жәшіктері ашылғаннан кейін, ХСБМ бақылаушылары сайлау жәшігіне жалған бюлетендерді салудың он бір жағдайын байқады. Бақылаушылар дауыстарды санау

<sup>53</sup> 2015ж. желтоқсанда Қазақстан үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын реттейтін бірқатар заңға түзетулер енгізді.

кезіндегі көптеген ірі рәсімдік қателіктерді және олқылықтарды УСК-ның рәсімдерді дұрыс түсінбеуімен (бақылаулардың шамамен үштен бірінде) немесе нәтижелерді қасақана фальсификациялаумен (он бақыланған дауыстар санағында біреуі) байланыстырды.

Дауыстарды санау кезінде, УСК-лар дауыс санағының бірізділігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін мәліметтерді сәйкестендіру рәсімдерін орындаған жоқ. Бақыланған дауыс санақтарының шамамен жартысында, сайлаушылар тізімдеріндегі сайлаушылар, сайлаушылар тізімдеріндегі қолдар, сырттай дауыс беретін сайлаушылар саны жарияланған жоқ. Бақылаулардың көпшілігінде, УСК-лар сандарды жан-жақты қайтара тексеруді жасаған жоқ және хаттамаларды толтырғанда, қиындыққа тап болды. УСК-лар өте жиі хаттамалардағы сандарды жариялаған жоқ, және бақылаулардың шамамен үштен бірінде хаттама көшірмесі, заңда талап етілгендей, сол бөлмеде поштамен жіберілген жоқ. Транспаренттікке тағы кері әсерін тигізген бір жайт – бақылаулардың шамамен жартысында бақылаушылардың сайлаушылардың бюллетендерге қойған белгілерін көруге мүмкіндігінің болмауы. Жалпы алғанда, 1990ж. ЕҚЫҰ Копенгаген Кеңесі құжатының 7.4 параграфында талап етілгендей, шыншыл дауыс санағы қорғалған жоқ.

Мәліметтерді кестеге жинақтау үдерісі бақылаулардың шамамен төрттен бірінде теріс баға алды, бұл рәсімдік ережелерді бұзу және транспаренттіктің жетіспеушілігіне байланысты. ХСБМ бақылаушыларының мәлімдеуінше, бақылаулардың үштен бірінде, УСК хаттамалары АСК-ның ресми шешімінсіз өзгертілді және бақыланған АСК-лардың бестен бірінде хаттамалардағы сандар дұрыс сәйкес келген жоқ. УСК-лар көп жағдайда хаттамаларды АСК-ларда толтырды, бұл заңға қайшы. ХСБМ бақылаушыларының мәлімдеуінше, бақылаулардың төрттен бірінде, олар мәліметтерді кестеге жинақтау рәсімдерін айқын көре алмады немесе бұл рәсімдер жеке бөлмелерде өткізілді, бұл шынайы бақылауға кедергі болды. Партиялардың бақылаушылары, олардың көпшілігі *Нұр Отаннан*, көптеген сайлау учаскелерінде және АСК-ларда болды, сонымен қатар, жергілікті бақылаушылар сайлау учаскелерінің және АСК-лардың жартысына жуығында болды.

***Есептің ресми нұсқасы тек ағылшын тіліндегі нұсқа.  
Есеп мәтінінің бейресми аудармалары орыс және қазақ тілдерінде бар.***

---

#### МИССИЯ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ АЛҒЫСТАР

---

Астана, 21 наурыз, 2016ж. - ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Астанада өз жұмысын 17 ақпанда бастады. Миссия құрамына Астанада орналасқан 11 сарапшы және елдің бүкіл аумағы бойынша орналасқан 28 ұзақ мерзімді бақылаушы кіреді.

Сайлау күні 41 елден 359 бақылаушы орналастырылды, оның ішінде, 282 ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді бақылаушыны ЕҚЫҰ/ДИАҚБ орналастырды, сонымен қатар, ЕҚЫҰ ПА-дан 64 мүшеден тұратын делегация және ЕКПА-дан 13 мүшеден тұратын делегация және. Ашылу рәсімі ел бойынша 145 сайлау учаскелерінде бақыланды. Дауыстарды санау 1467 сайлау учаскелерінде бақыланды. Мәліметтерді кестеге жинақтау 145 ОбСК-та бақыланды.

Бақылаушылар өкімет органдарына сайлауды бақылау мақсатында шақырғандары үшін, Орталық сайлау комиссиясына және Сыртқы істер министрлігіне көрсеткен көмегі үшін алғысын білдіреді. Сонымен қатар, олар басқа да мемлекеттік мекемелерге, саяси партияларға, азаматтық қоғам ұйымдарына және дипломатиялық миссиялар өкілдеріне көмектері үшін алғысын білдіреді.



Қосымша ақпарат алу үшін, төменде көрсетілгендерге хабарласыңыздар:

- Елші Борис Фрлец, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ басшысы, Астанада (+7 7172 476 997);
- Томас Раймер, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өкілі (+48 609 522 266) немесе Радивойе Груйич, Сайлау мәселелері бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ кеңесшісі, Варшавада (+48 22 5200 681);
- Андреас Бейкер, ЕҚЫҰ ПА сайлау мәселелері бойынша бөлімінің директоры (+45 601 08 126) немесе Ричард Солаш, ЕҚЫҰ ПА коммуникация мәселелері бойынша бөлімінің директоры (+45 601 08 380);
- Шемавон Шахбазян, ЕКПА хатшылығы (+7701 052 6934).

**ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мекен-жайы:**

Иманов көшесі, 11, 4-ші қабат

Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

Тел.: +7 7172 476 997

Факс: +7 7172 476 998

Электронды пошта: [office@odhr.kz](mailto:office@odhr.kz)

Вебсайт: <http://www.osce.org/odhr/elections/kazakhstan/222541>